

"Аңшылық алқаптар мен балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін қайта бекітіп беру жөніндегі қағидаларды және олар бұдан бұрын бекітіп берілген тұлғаларға қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2017 жылғы 15 тамыздағы № 337 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 2020 жылғы 6 қаңтардағы № 138 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 15 қаңтарда № 19878 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрінің 2024 жылғы 21 мамырдағы № 107 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 21.05.2024 № 107 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Аңшылық алқаптар мен балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін қайта бекітіп беру жөніндегі қағидаларды және олар бұдан бұрын бекітіп берілген тұлғаларға қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2017 жылғы 15 тамыздағы № 337 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15722 болып тіркелген, 2017 жылғы 25 қыркүйекте Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін :

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Аңшылық алқаптар мен балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін қайта бекітіп беру жөніндегі қағидаларда:

осы бұйрыққа 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес 3, 5 және 6-қосымшалар жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министрдің м.а.

Е. Нысанбаев

Қазақстан Республикасының
Экология, геология және
табиғи ресурстар министрінің
2020 жылғы 6 қаңтардағы
№ 138 бұйрығына
1-қосымша

Аңшылық алқаптар мен
балық шаруашылығы су
айдындарын және (немесе)
учаскелерін қайта бекітіп
беру жөніндегі қағидаларға
3-қосымша
Нысан

Аңшылық алқаптарды қайта бекітіп беруге өтінім

_____ облысы _____ ауданында
орналасқан _____
" _____
(аңшылық алқаптың атауы)

_____ аңшылық алқабын қайта
бекітіп
беруіңізді сұраймын.

1. Өтінім беруші туралы мәліметтер: жеке тұлғалар үшін: тегі, аты, әкесінің аты

(ол болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі, заңды тұлғалар үшін: заңды тұлғаның

атауы, деректемелері, бизнес-сәйкестендіру нөмірі) _____

2. Өтінім берушінің мекенжайы (индекс, облыс, аудан, көше, үй №, пәтер № (бар болса), телефоны) _____

3. Аңшылық алқабы _____ облысы әкімдігінің
20 ____ жылғы " ____ " _____ № _____ қаулысына және 20 ____

" ____ " _____ № _____ шартқа сәйкес бекітіп берілді.

4. Қоса берілген құжаттар көшірмелері (түпнұсқа салыстыру үшін беріліп отыр):

5. Қайта бекіту мерзімі _____ жыл.

6. Берілген ақпараттың дұрыстығын растаймын және теріс мәліметтер бергенім үшін

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауаптылық жайында хабардармын.

Берілген күні 20 ____ жылғы " ____ " _____

Өтінім беруші _____

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) немесе ұйымның атауы)

Қолы _____

Мөрдiң орны

(жеке кәсіпкерлер болып табылатын

тұлғаларды қоспағанда)

Қазақстан Республикасының
Экология, геология және
табиғи ресурстар министрінің
2020 жылғы 6 қаңтардағы
№ 138 бұйрығына
2-қосымша

Аңшылық алқаптар мен
балық шаруашылығы су
айдындарын және (немесе)
учаскелерін қайта бекітіп
беру жөніндегі қағидаларға

5-қосымша

Нысан

Балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін қайта бекітіп беруге өтінім

(су айдындары және (немесе) учаскелері)

балық шаруашылығы су айдынын және (немесе) учаскесін қайта бекітіп беруіңізді сұраймын.

1. Өтінім беруші туралы мәліметтер: жеке тұлғалар үшін: тегі, аты, әкесінің аты

(ол болған жағдайда) жеке сәйкестендіру нөмірі, заңды тұлғалар үшін: заңды тұлғаның атауы, деректемелері, бизнес-сәйкестендіру нөмірі) _____

2. Өтінім берушінің мекенжайы (индекс, облыс, аудан, көше, үй №, пәтер № (бар болса) телефон) _____

3. _____
(кәсіпшілік, әуесқойлық (спорттық) балық аулау, көлде тауарлы балық өсіру, тор қоршауда балық өсіру шаруашылығы) _____ үшін.

4. Балық шаруашылығы су айдыны және (немесе) учаскесі _____ облысы (ауданы)

әкімдігінің 20____ жылғы " ____ " _____ №____ қаулысына және " ____ " _____ №____ шартына сәйкес бекітіп берілді.

5. Берілген ақпараттың дұрыстығын растаймын және теріс мәліметтер бергенім үшін

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауаптылық жайында хабардармын.

Берілген күні: 20____ жылғы " ____ " _____

Өтінім беруші _____

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) немесе ұйымның атауы)
Қолы _____

Мөрдiң орны
(жеке кәсiпкерлер болып табылатын
тұлғаларды қоспағанда)

Қазақстан Республикасының
Экология, геология және
табиғи ресурстар министрінің
2020 жылғы 6 қаңтардағы
№ 138 бұйрығына
3-қосымша
Аңшылық алқаптар мен балық
шаруашылығы су айдындарын
және (немесе) учаскелерін
қайта бекітіп беру
жөніндегі қағидаларға
6-қосымша
Нысан

**Балық шаруашылығы мелиорациялық жұмыстарын жүргізуге арналған негізгі
құрал-жабдықтардың болуы туралы анықтама**

№	Атауы	Өлшем бірлігі	Саны
1	2	3	4
1.			
2.			

Берілген ақпараттың дұрыстығын растаймын және теріс мәліметтер бергенім үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауаптылық жайында хабардармын.

Берілген күні: 20 ____ жылғы " ____ " _____.

Өтінім беруші _____

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) немесе ұйымның атауы)

Қолы _____

Мөрдiң орны

(жеке кәсiпкерлер болып табылатын
тұлғаларды қоспағанда)